

**Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі арасындағы 2003 жылғы 8 қазандағы 2003 жылға арналған Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі нидерландтық бағдарлама шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға Хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 тамыздағы N 864 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі арасындағы 2003 жылғы 8 қазандағы 2003 жылға арналған Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі нидерландтық бағдарлама шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға Хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**2003 жылғы 8 қазандағы 2003 жылға арналған Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі нидерландтық бағдарлама шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Хаттама**

2003 жылғы 8 қазандағы 2003 жылға арналған Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі нидерландтық бағдарлама шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумның (бұдан әрі - Меморандум) Тараптары болып табылатын Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің

Экономикалық істер министрлігі Меморандумның іске асырылу барысына қанағаттанушылық танытты.

PSO бағдарламасы рыноктық экономиканы дамытуға маңызды үлес қосатындығын мойындай отырып, одан әрі өзара тиімді ынтымақтастық пен екі жақты экономикалық қатынастарды дамыту мақсатында қазақстан компанияларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

төмендегі шарттар негізінде Меморандум ережелеріне сәйкес екі Тарап 2004-2005 жылдарда PSO бағдарламасын жалғастыру және Меморандумның әрекет ету мерзімін 2005 жылғы 8 қазанға дейін бір жыл мерзімге ұзарту туралы келісімге келді:

1. Тараптар Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі қазақстан тарапынан PSO бағдарламасының үйлестірушісі ретінде өзіне мына функцияларды алатыны жөнінде келісті:

- қазақстандық компанияларға PSO бағдарламасы туралы ақпарат беру және қазақстан мен нидерланды жобаларының арасындағы жобаларды бірлесіп енгізуге жәрдем көрсету;

- Нидерланды Елшілігіне жаңа PSO жобаларын енгізу үшін әлеуетті нидерланды компанияларын одан әрі сәйкестендіру үшін PSO бағдарламасына мүдделі қазақстандық компаниялардың тізімін жіберу;

- Business - to - Business (коммерциялық), сондай-ақ Programmatik (институционалдық) сияқты PSO жобаларын енгізуге қазақстан тарапынан тартылған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

- мақұлданған PSO жобаларының енгізілуіне ықпал ету және жобаларды іске асыру барысында туындайтын проблемаларды шешуге жәрдем көрсету, мүмкіндігінше осы функция шеңберіндегі жобаларға дербес қатысу;

- бағалау барысында нидерланды тарабына жобаларға өтінімдерге қатысты және қажет болған жағдайда жобаның рыноктық экономиканы дамытуға, қазақстан компанияларының бәсекеге қабілеттілігін және жаңғыртылуын күшейтуге, тұрақты өндіріс процесін дамытуға қосатын үлесіне қатысты және жоба Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық даму бөлігіндегі саясатының мақсаттары мен міндеттеріне қаншалықты сай екендігі жөнінде консультация беру;

- мүмкіндігінше PSO жобалары жөніндегі кеңес комитеттеріне қатысу.

2. Тараптар Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі нидерланды тарапынан PSO бағдарламасының үйлестірушісі ретінде өзіне мына функцияларды алатыны жөнінде келісті:

- Қазақстандағы PSO бағдарламасының үйлестірушісіне белгіленген өтінім беру рәсімдерін, жобалық өтінімдерді іріктеу көрсеткіштерін және жобалық өтінімдерді қабылдаудың соңғы күнін көрсете отырып, техникалық PSO көмегін алуға конкурс-тендердің жариялану мерзімдері туралы ақпарат беру;

- Қазақстандағы PSO бағдарламасының үйлестірушісіне 2004-2005 жылдары PSO

бағдарламасын іске асыруға бөлінетін бюджет туралы ақпарат беру.

3. Меморандумның әрекет ету мерзімін ұзарту туралы шешім осы Хаттамаға қол қойылған күнінен бастап қабылданды деп есептеледі, Хаттама аталған Меморандумның 6-тармағына сәйкес оның ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар және келіссөздер жолымен шешілетін болады.

5. Осы Хаттама 2003 жылғы 7 қазандағы 2003 жылға арналған Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі нидерландтық бағдарлама шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

2004 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Экономикалық ынтымақтастық</i>
<i>Экономика және бюджеттік</i>	<i>жөніндегі Нидерланды</i>
<i>жоспарлау министрлігі үшін</i>	<i>Корольдігінің Экономикалық</i>
<i>істер министрлігі үшін</i>	